

Көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Кәрім Мыңбаев ауылының әкімінің 2018 жылғы 23 қазандағы № 4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 қарашада № 4995 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 30 мамырдағы қорытындысына сәйкес, Нұра ауданы Кәрім Мыңбаев ауылының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Нұра ауданы Кәрім Мыңбаев ауылының көшелері:

- 1) Сыиқ көшесі Нұра көшесіне;
- 2) Ивановская көшесі Сарыарқа көшесіне;
- 3) Молодежная көшесі Жастар көшесіне;
- 4) Степан Ермоленко көшесі Жеңіс көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

А. Жуматаев